

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары негізінде 2024 - 2025 оқу жылына арналған ұйымдастырылған қызметтің перспективалық жоспары және Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламалары

Білім беру ұйымы: МКҚК «№3бөбекжай»

Топ / сынып: ересек топ

Балалардың жасы: 4 жастағы балалар

Кезең: мамыр

Ұйымдастырылған қызмет	Ұйымдастырылған қызметтің міндеттері
Дене шынықтыру	<p>Негізгі қимылдар. Жүру. Жүруді жүгірумен, секірумен алмастырып, бағытты және қарқынды өзгертіп жүру, қол мен аяқ қимылдарын үйлестіру. Тепе-теңдікті сақтау. Балалардағы тепе-теңдікті дамыту бойынша жұмысты жалғастыру. Жүгіру. Түрлі тапсырмаларды орындай отырып жүгіру дағдысын жетілдіру. Еңбектеу, өрмелеу. Гимнастикалық қабырғаға жоғары-төмен ауыспалы қадаммен өрмелеу, бөрене және гимнастикалық скамейкадан аттап өту. Секіру. Бір орында тұрып, алға ұмтылып қос аяқпен секіру, бір орында тұрып, биіктіктен секіру. Лақтыру, домалату, қағып алу. Допты домалату, нысанаға лақтыру; жоғары лақтыру және қағып алу дағдысын дамыту. Сап түзеу, сапқа қайта тұру. Бір-бірден сапқа тұру, араларын алшақ ұстау және жақын тұру. Жалпы дамытушы жаттығулар. Жаттығуларды заттармен және заттарсыз орындау. Тізерлеп тұрып, алға еңкею және артқа шалқаю, екі аяқты кезек бүгу және жазу, көтеру және түсіру. Қолына зат ұстап, шалқасынан жатып, қолды созу және осы қалыпта етпетінен бұрылып жату. Етпетінен жатқан қалыпта иықтарын, басын, қолдарын алға созып көтеру. Аяқтың ұшын созу, өкшені айналдыру. Тізені бүгіп, екі аяқты кезек көтеру. Қимылды ойындар. Доптармен, секіргіштермен, құрсаулармен ойындарда балалардың белсенділігін дамыту. Спорттық жаттығулар. Велосипед тебу: екі немесе үш дөңгелекті велосипед тебу; оңға, солға бұрылу.</p>
Сөйлеуді дамыту	<p>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Белгілі бір дыбыстан басталатын сөздерді есту арқылы ажырата білуге және атауға үйрету. Сөздік қор. Балаларды қазақ халқының қонақжайлылық дәстүрімен таныстыру, (қонақты күтіп алу, төрге отырғызу, қонақ кәде, (сыбаға), (ас қайыру, бата беру), қонақты шығарып салу дәстүрлерін үйрету арқылы үлкендерді сыйлауға, дастархан басында әдептілікті сақтауға баулу. Тілдің грамматикалық құрылымы. Етістіктерді бұйрық райымен қолдана білуге үйрету (отыр, жүр, жүгір). Байланыстырып сөйлеу. Шығармалардың, ертегілердің қызықты үзінділерін қайталап айтуға, бейтаныс заттар, құбылыстар, оқиғалар туралы ақпаратты талқылауға баулу. Ұсынылған сюжеттер бойынша қойылымдарды сахналауға үйрету</p>
Көркем әдебиет	<p>Сахналық қойылымдарға қатысуға, таныс әдеби шығармалар, ертегілер бойынша қарапайым қойылымдарды ойнауға, образды бейнелеу үшін мәнерлілік құралдарын (интонация, ым-ишара, қимыл) қолдануға, еркін ойындарда таныс кейіпкерлердің образын өздігінен сомдауға, оларды басқа қырынан көрсетуге (қатыгез-мейірімді, ақкөңіл-салмақты) ынталандыру.</p>

<p>Қазақ тілі</p>	<p>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Артикуляциялық және дауыс аппаратын, сөйлеуде тыныс алуды, фонематикалық естуді, анық және қалыпты қарқынмен сөйлей білуді дамыту.</p> <p>Сөздік қор. Заттардың белгілерін, санын, әрекеттерін білдіретін сөздерді айту қабілетін дамыту; 5-ке дейін тікелей және кері санау.</p> <p>Тілдің грамматикалық құрылымы. 2-3 сөзден тұратын қарапайым сөйлемдер құрастыру қабілетін дамыту.</p> <p>Байланыстырып сөйлеу. Мұғалімнің үлгісі бойынша ойыншықтарды сипаттау қабілетін дамыту.</p>
<p>Математика негіздері</p>	<p>Жиын. Заттарды жұппен қою арқылы оларды санамай-ақ салыстыру негізінде тең немесе тең еместігін анықтай білуді жетілдіру.</p> <p>Сан, санау. Заттар тобын салыстыру дағдысын жетілдіру.</p> <p>Шама. Затты салыстыру кезінде затты үстіне (жоғары) және қасына (қатар) қою тәсілдерін қолдана білуді дамыту.</p> <p>Геометриялық фигуралар. Сөйлеуде сын есімдерді қолдана білуді жетілдіру, салыстыру нәтижелерін атау (ұзындау-қысқалау, кеңдеу-тарлау, жоғары-төмен, қалың-жұқа).</p> <p>Кеңістікті бағдарлау. Заттардың өзіне қатысты орналасуын сөздермен белгілей (менің алдымда үстел, сол жағымда орындық тұр) білуді жетілдіру.</p> <p>Уақытты бағдарлау. Тәулік бөліктері (таңертең, күндіз, кеш, түн) олардың сипаттамалық ерекшеліктері мен реттіліктері, «бүгін», «кеше», «ертең» туралы ұғымдарын кеңейту.</p>
<p>Қоршаған ортамен таныстыру</p>	<p>Бала, оның отбасы, үйі. Өзінің атын, тегін, жасын, жынысын айта білуді бекіту, баланы өзін-өзі құрметтеуге, өзін-өзі бағалауға, өзіне деген сенімділікке, оны жақсы көретініне, жақсы екеніне тәрбиелеу.</p> <p>Заттық әлем. Айналадағы заттар, олардың қасиеттері мен мақсаты туралы түсініктерін кеңейту.</p> <p>Байланыс және қозғалыс құралдары. Қозғалыс ортасын ескере отырып, көлік құралдарын танып және атай білу дағдыларын қалыптастыру.</p> <p>Еңбекке баулу. Басқа адамдардың еңбегінің нәтижесіне құрметпен қарауды, үлкендерге көмектесуге деген құлшынысын сақтауды тәрбиелеу.</p> <p>Адамгершілік, патриоттық тәрбие беру. Қазақ халқының салт-дәстүрлері, ұлттық ойындары туралы, Қазақстан Республикасының елордасы – Астана қаласы, республика қалаларының атаулары, олардың көрікті жерлері туралы түсініктерін дамыту.</p> <p>Жолда жүру ережелері. Өз өмірінің қауіпсіздігінің қарапайым дағдыларын қалыптастыру: ойын, ойын жабдықтарын пайдалану, бейтаныс адамдармен қарым-қатынас жасауды таныстыру.</p> <p>Өлі табиғат құбылыстары мен заттары. Қазақстанның әртүрлі ауа-райы жағдайлары туралы түсініктерін дамыту.</p> <p>Өсімдіктер әлемі. Бөлме өсімдіктеріне және табиғат бұрышындағы жануарларға күтім жасау, адамның табиғатқа қамқорлық танытуының маңызы туралы білімдерін қалыптастыру.</p> <p>Жануарлар әлемі. Жәндіктер (қоңыз, көбелек, шыбын, құмырсқа), қыстайтын және қоныс аударатын құстар туралы түсініктерін кеңейту.</p>
<p>Сурет салу</p>	<p>Сурет салуда еңкеймей, арқаны тік ұстап, дұрыс еркін отыруға, жұмыс орнын таза ұстауға, ұқыпты болуға, қауіпсіздікті сақтауға баулу.</p>
<p>Мүсіндеу</p>	<p>Қазақ халқының тұрмыстық заттарымен таныстыру, оларды мүсіндеуге баулу. Дайын мүсінді дөңгелек, сопақ, шаршы, үшбұрыш пішіндегі қазақ оюларының элементтерімен безендіру. Мүсіндеуде қауіпсіздік ережелерін сақтау.</p>
<p>Жапсыру</p>	<p>Ұжымдық сюжетті композицияны құрастыру дағдыларын қалыптастыру.</p>

	Композицияны құрастыруда дайын пішіндердің көмегімен заттарды қиюға немесе өз бетінше ойдан қиып жапсыруға мүмкіндік беру. Шығармашылық қиялды дамыту. Жапсыруда қауіпсіздік ережелерін сақтау, жұмысты ұқыптылықпен орындау.
Құрастыру	Табиғи материалдан әртүрлі композициялар жасауға баулу. Шығармашылық қиялды дамыту, материалдарды өз бетінше таңдау және көрнекілікке сүйене отырып композициялар ойлап табуды дамыту.
Музыка	<p>Музыка тыңдау. Қазақтың халық аспабы домбыра дыбысын қабылдау қабілетін дамыту.</p> <p>Ән айту. Аспаптық сүйемелдеумен және сүйемелдеусіз (тәрбиешінің көмегімен) ән айту қабілетін арттыру.</p> <p>Музыкалық-ырғақтық қимылдар. Би қимылдарын, ойын музыкалық әрекеттерін орындауға қызығушылықтарын арттыру.</p> <p>Балалар музыкалық аспабында ойнау. Ағаш қасықта, асатаяқта, сазсырнада қарапайым әуендерді ойнай білуге дағдыландыру. Балалардың музыкалық аспаптарын тану және атау қабілеттерін арттыру.</p> <p>Би. Қазақтың ұлттық би өнерімен таныстыру.</p>